

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ
Құзыреттіліктер және үздіксіз білім беру орталығы

**«Педагогтің кәсіби қызметінде жасанды интеллект технологияларын
қолдану»**
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы

Павлодар қ.

2026ж.

1. Жалпы ережелер

Педагогтердің «Педагогтің кәсіби қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолдану» тақырыбындағы қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) тыңдаушылардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру процесін офлайн және онлайн форматта ұйымдастыруды реттейді. Оқыту курсы қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Бағдарлама ИРН А26195083 «Білім беру контентін құруда жасанды интеллектті қолдану: цифрлық медиакеңістіктегі болашақ педагогтер үшін мүмкіндіктер мен сын-кәтерлер» жобасы аясында әзірленді.

Бағдарлама тақырыбына сәйкес тыңдаушыларды курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Бағдарламаның өзектілігі білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясымен, генеративті жасанды интеллекттің (бұдан әрі – ЖИ), зияткерлік білім беру платформаларының, цифрлық аналитиканың, бағалаудың автоматтандырылған құралдарының және оқытуды дараландыру технологияларының белсенді енгізілуімен айқындалады. Қазіргі педагог тек базалық цифрлық дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар білім беру процесінде ЖИ қолданудың мүмкіндіктерін, шектеулерін, тәуекелдерін және педагогикалық тұрғыдан орындылығын түсінуі қажет.

ЖИ педагогтің кәсіби қызметін қолдайтын құралға айналуға: ол оқу материалдарын әзірлеуге, тапсырмаларды білім алушылардың деңгейіне бейімдеуге, оқу нәтижелерін талдауға, кері байланыс қалыптастыруға, визуалды және мультимедиялық контент жасауға, жеке білім беру траекторияларын жобалауға, сондай-ақ әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысты оңтайландыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, білім беру саласында ЖИ қолдану академиялық адалдық қағидаттарын, дербес деректерді қорғауды, цифрлық қауіпсіздікті, педагогикалық жауапкершілікті, алгоритмдік шешімдердің ашықтығын және цифрлық құралдар арқылы алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалауды сақтауды талап етеді.

Бағдарламаның құқықтық негізін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған кәсіби стандарттар, сондай-ақ цифрландыру, дербес деректерді қорғау және жасанды интеллект технологияларын жауапты қолдану саласындағы нормативтік құжаттар құрайды.

Бағдарлама педагогтердің оқу, тәрбие, әдістемелік, зерттеу және басқару қызметінде жасанды интеллект технологияларын саналы, қауіпсіз, этикалық және әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде қолдану бойынша кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаны іске асырудың қосымша нормативтік-құқықтық негізін Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ «Жасанды интеллект туралы» Заңы құрайды, ол Қазақстан Республикасының

аумағында жасанды интеллект жүйелерін әзірлеу, енгізу және пайдалану қағидаттарын айқындайды. Аталған заң алгоритмдердің қауіпсіздігіне, ашықтығы мен түсіндірмелілігіне қойылатын талаптарды, дербес деректерді қорғауды, кемсітушілікке жол бермеуді белгілейді, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын жауапты және этикалық қолдану қағидаттарын бекітеді.

Білім беру қызметі контекстінде көрсетілген Заңның ережелері ерекше маңызға ие, себебі оқыту процесінде ЖИ қолдану білім алушылардың дербес деректерімен жұмыс істеуді, білім беру ақпаратын алгоритмдік өңдеуді және генеративті цифрлық құралдарды пайдалануды көздейді. Осы Бағдарлама педагогтердің мектеп оқушыларын қолдау жүйесінде жасанды интеллект технологияларын нормативтік тұрғыдан негізделген, қауіпсіз және педагогикалық тұрғыдан орынды қолдану құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама мазмұнына цифрлық этика, алгоритмдік ашықтық, академиялық адалдық және дербес деректерді қорғау мәселелерін енгізу Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» Заңының талаптарына сәйкес келеді және ЖИ технологияларын білім беру процесіне заңды түрде интеграциялауды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған кәсіби стандарттар (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы) заманауи білім беру технологиялары мен цифрлық құралдарды меңгеруге қойылатын талаптарды бекітеді. Білім алушылармен жұмыс барысында жасанды интеллектті этикалық, қауіпсіз және әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде қолдану құзыреттерін қалыптастыру педагогтердің кәсіби дамуының нормативтік тұрғыдан айқындалған міндеті болып табылады және осы Бағдарламаның тұжырымдамалық негізін құрайды.

Бағдарламаны әзірлеудің өзектілігі білім беру жүйесінің, қоғамның және мемлекеттің білім алушылардың дер кезінде анықталуын, жүйелі қолдауын және мақсатты дамуын қамтамасыз етуге қатысты заманауи сұраныстарын көрсететін объективті алғышарттар жиынтығымен айқындалады:

1. Білім беру ортасының цифрлық трансформациясы. Цифрлық технологиялардың, соның ішінде жасанды интеллекттің, кеңейтілген және виртуалды шындықтың қарқынды енгізілуі оқытудың мазмұны мен әдістерін өзгертуде. Педагогке дарындылықты анықтау, диагностикалау және дамыту жүйесінде цифрлық құралдарды интеграциялау құзыреттері қажет.

Бағдарламаны меңгеру білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы жағдайында білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін анықтауға, қолдауға және дамытуға мүмкіндік беретін инновациялық білім беру ортасын құруға педагогтердің кәсіби даярлығын дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Learning Analytics – білім беру деректерін талдау, ол оқушылардың оқу қызметі туралы ақпаратты жинауға, өңдеуге және түсіндіруге бағытталып, оқыту сапасын арттыру мақсатында қолданылады.

Адаптивті оқыту – оқу мазмұны, тапсырмалар күрделілігі және білім беру траекториясы білім алушының оқу нәтижелері мен белсенділігіне негізделі отырып өзгеріп отыратын оқыту моделі.

Академиялық адалдық – оқу, зерттеу және кәсіби тапсырмаларды орындау кезінде адалдық, жауапкершілік, дербестік және ашықтық қағидаттарының жиынтығы.

Генеративті жасанды интеллект – пайдаланушы сұранысы негізінде мәтіндер, суреттер, презентациялар, тест тапсырмалары, аудио-, бейне және басқа да цифрлық материалдарды жасай алатын ЖИ түрі.

Дербес деректерді қорғау – білім алушының, педагогтің немесе білім беру процесінің басқа қатысушысының жеке тұлғасын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді өңдеу, сақтау және пайдалану бойынша құқықтық және ұйымдастырушылық режим.

Педагогтің ЖИ-ассистенті – сабақтарды жоспарлауға, тапсырмалар әзірлеуге, нәтижелерді талдауға, оқу материалдарын дайындауға және кері байланысты ұйымдастыруға арналған жасанды интеллект негізіндегі цифрлық құрал.

Жасанды интеллект – деректерді талдай алатын, заңдылықтарды анықтайтын, контент генерациялайтын, шешім қабылдауға қолдау көрсететін және интеллектуалдық қызметке тән міндеттерді орындайтын цифрлық технологиялар, алгоритмдер мен модельдер жиынтығы.

Педагог – педагогикалық немесе бейіндік кәсіби білімі бар, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу қызметін, сондай-ақ білім беру қызметін әдістемелік қолдау мен ұйымдастыруды жүзеге асыратын тұлға.

Педагогикалық модель – нақты өзара байланысқан мақсаттардан, мазмұннан, әдістерден және цифрлық құралдардан тұратын, білім алушының белгілі бір қасиеттері мен дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру процесінің құрылымдалған сызбасы.

Жекелендірілген оқыту – білім беру процесін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу деңгейін, оқу қарқынын, қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастыру.

Промпт – жасанды интеллект жүйесіне тапсырма, контекст, жауап форматы және нәтиже критерийлері көрсетілетін мәтіндік нұсқау немесе сұраныс.

Промпт-инжиниринг – жасанды интеллект жүйелерінен дәл, пайдалы және педагогикалық тұрғыдан дұрыс нәтижелер алу үшін тиімді сұраныстарды жобалау процесі.

Педагогтің кәсіби дамуы – педагогикалық міндеттерді тиімді орындау үшін тұлғалық қасиеттерді, кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастыру және оларды кәсіби қызметке кіріктіру процесі.

Жасанды интеллект жүйесі – машиналық оқыту мен деректерді өңдеу негізінде жұмыс істейтін бағдарламалық-алгоритмдік кешен.

Білім берудегі цифрлық қауіпсіздік – цифрлық технологияларды қолдану кезінде білім алушылар мен педагогтерді қорғауға бағытталған шаралар жүйесі.

Цифрлық білім беру ортасы – білім беру процесін ұйымдастыруды, сүйемелдеуді және бағалауды қамтамасыз ететін цифрлық платформалар, сервистер мен ресурстардың интеграцияланған жүйесі.

Цифрлық этика – цифрлық ортада білім беру процесіне қатысушылардың жауапты мінез-құлқын реттейтін нормалар мен қағидаттар жүйесі, соның ішінде авторлық құқықты, құпиялылықты, қауіпсіздікті және қатысушылардың құқықтарын сақтау.

Цифрлық технологиялар – цифрлық форматтағы деректерді өңдеу, сақтау, беру және талдауға негізделген техникалық құралдар, бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелер жиынтығы. Білім беру саласында олар оқытуды ұйымдастыру, коммуникация, білім беру процесін басқару, цифрлық ресурстар жасау және оқытуды дараландыру үшін қолданылады.

3. Бағдарламаның тақырыптамасы

Бағдарламаның жаңашылдық деңгейі жасанды интеллектті педагогтің кәсіби қызметінің құралы ретінде жүйелі қарастырумен айқындалады, ол әдістемелік, дидактикалық, аналитикалық, ұйымдастырушылық және зерттеушілік функцияларды біріктіреді.

Бағдарламаның мазмұны мыналарды қамтиды:

- жасанды интеллекттің теориялық негіздері және оның қазіргі білім беру тәжірибесіндегі рөлі;
- оқу материалдарын, тапсырмаларды, тесттерді, презентацияларды, сабақ сценарийлерін және әдістемелік ресурстарды әзірлеу үшін генеративті ЖИ-ді қолдану;
- оқытуды дараландыру, білім беру деректерін талдау және кері байланысты ұйымдастыру үшін ЖИ-ді пайдалану;
- педагог қызметінде ЖИ қолданудың этикалық, құқықтық және әдістемелік аспектілері;
- жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып авторлық педагогикалық шешімді жобалау.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – педагогтердің кәсіби қызметінде жасанды интеллект технологияларын тиімді, қауіпсіз, этикалық және әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде қолдану саласындағы кәсіби құзыреттерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Тыңдаушыларда білім берудегі жасанды интеллекттің мүмкіндіктері, шектеулері және қолдану бағыттары туралы жүйелі түсінік қалыптастыру.

2. Оқу, әдістемелік, бағалау және визуалды материалдарды жасау үшін генеративті ЖИ құралдарымен жұмыс істеудің базалық қағидаттарын меңгерту.

3. Педагогикалық міндеттерді шешуге арналған тиімді промпттарды жобалау дағдыларын дамыту.

4. Оқытуды дараландыру, тапсырмаларды бейімдеу, жеке білім беру траекторияларын әзірлеу және кері байланысты ұйымдастыру үшін ЖИ қолдануға үйрету.

5. Білім беру деректерін талдау және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін ЖИ құралдарын пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

6. Академиялық адалдық, дербес деректерді қорғау, цифрлық этика және нормативтік талаптарды ескере отырып, ЖИ-ді жауапты қолдану құзыреттерін дамыту.

7. Тыңдаушылардың педагогтің кәсіби қызметінде ЖИ-ді практикалық қолдануды көрсететін қорытынды жобаны әзірлеуін қамтамасыз ету.

Оқытудың күтілетін нәтижелері (ОКН)

ОКН 1. Теориялық-талдамалық құзыреттілік

– білім берудегі жасанды интеллекттің негізгі ұғымдарын, қағидаттарын және қолдану бағыттарын түсіндіреді;

– педагогтің кәсіби қызметінде ЖИ құралдарының мүмкіндіктері мен шектеулерін талдайды;

– әртүрлі білім беру жағдайларында ЖИ қолданудың педагогикалық тұрғыдан орындылығын бағалайды.

ОКН 2. Әдістемелік құзыреттілік

– ЖИ қолдана отырып оқу материалдарын, сабақ жоспарларын, тапсырмаларды, тесттер мен бағалау критерийлерін әзірлейді;

– білім беру мазмұнын білім алушылардың жас ерекшелігіне, дайындық деңгейіне және білім беру қажеттіліктеріне бейімдейді;

– ЖИ құралдарын интеграциялай отырып оқу сценарийлерін жобалайды.

ОКН 3. Цифрлық және технологиялық құзыреттілік

– мәтіндік, визуалды және мультимедиялық контент жасау, білім беру мазмұнын ілгерілету үшін генеративті ЖИ сервистерін қолданады;

– сапалы білім беру нәтижелерін алу үшін промпт-инжинирингті пайдаланады;

– оқу және әдістемелік қызметті ұйымдастыру үшін цифрлық платформалар мен ЖИ құралдарын қолданады.

ОКН 4. Аналитикалық-бағалау құзыреттілігі

– оқу нәтижелерін талдау, қиындықтарды анықтау және кері байланыс дайындау үшін ЖИ-ді қолданады;

– қалыптастырушы және жиынтық бағалау құралдарын әзірлейді;

– білім беру деректерінің аналитика нәтижелерін интерпретациялайды.

ОКН 5. Этикалық және құқықтық құзыреттілік

- цифрлық этика, академиялық адалдық және дербес деректерді қорғау талаптарын сақтайды;
- білім беру процесінде ЖИ қолдану тәуекелдерін анықтайды;
- білім алушылардың ЖИ-ді жауапты қолдану ережелерін әзірлейді.

ОКН 6. Жобалау құзыреттілігі

- ЖИ қолдана отырып авторлық педагогикалық өнім әзірлейді;
- жобалық шешімді ұсынады және қорғайды;
- педагогтің кәсіби қызметіне ЖИ енгізудің практикалық маңызын бағалайды.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама құрылымы педагогтің кәсіби қызметінде жасанды интеллектті қолданудың негізгі бағыттарын қамтитын 5 модульден тұрады.

Модуль 1. Қазіргі білім беру тәжірибесіндегі жасанды интеллект

- 1.1. Білім берудің цифрлық трансформациясы және ЖИ-дің рөлі
- 1.2. ЖИ-дің негізгі ұғымдары: алгоритмдер, деректер, генеративті модельдер, ЖИ-ассистенттер
- 1.3. Педагогикалық қызметтегі ЖИ мүмкіндіктері мен шектеулері
- 1.4. Оқытуда ЖИ қолданудың педагогикалық сценарийлері

Модуль жасанды интеллекттің теориялық негіздерін және оның қазіргі білім беру ортасындағы орнын ашады. Педагогтің оқу, әдістемелік, тәрбие және ұйымдастырушылық қызметінде ЖИ қолдану бағыттары қарастырылады. ЖИ көмегімен алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан түсінуге, сондай-ақ оны қолдану педагогикалық тұрғыдан негізделген міндеттерді айқындауға ерекше назар аударылады.

Модуль 2. Генеративті ЖИ және білім беру контентін әзірлеу

- 2.1. Педагогикалық міндеттер үшін промпт-инжиниринг
- 2.2. ЖИ көмегімен сабақ жоспарларын, тапсырмаларды, тесттерді және бағалау критерийлерін әзірлеу
- 2.3. Презентациялар, конспектілер, нұсқаулықтар, кейстер және әдістемелік материалдар жасау
- 2.4. Білім беру процесі үшін визуалды, аудио және бейне контентті генерациялау

Модуль генеративті жасанды интеллектті қолданудың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Тыңдаушылар сапалы сұраныстар құрастыру әдістерін меңгереді, оқу материалдарын әзірлеуді және мәтіндерді бейімдеуді үйренеді. Олар әртүрлі күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды құрастыруды, тесттер мен бағалау рубрикаларын, презентациялар мен визуалды материалдарды жасауды игереді. Модульдің практикалық бөлігі заманауи ЖИ құралдарымен жұмыс істеуді және алынған нәтижелердің сапасын талдауды қамтиды.

Модуль 3. Жекелендірілген оқыту, бағалау және аналитика үшін ЖИ

3.1. ЖИ көмегімен оқытуды жекелендіру және бейімдеу

3.2. Қалыптастырушы және жиынтық бағалауда ЖИ қолдану

3.3. Білім беру деректерінің аналитикасы және оқу қиындықтарын анықтау

3.4. Кері байланыс, жеке білім беру траекториялары және білім алушыларды сүйемелдеу

Модуль оқытудың сапасын арттыру мақсатында жасанды интеллектті жекелендіру, диагностика, білім беру деректерін талдау және кері байланысты ұйымдастыру арқылы қолдануға арналған. Тыңдаушылар ЖИ-ді білімдегі олқылықтарды анықтау, жеке тапсырмалар әзірлеу, білім алушыларға ұсыныстар дайындау үшін қолдануды үйренеді. Сондай-ақ олар жазбаша жұмыстарды талдау және бейімделген білім беру маршруттарын жобалау дағдыларын меңгереді.

Модуль 4. ЖИ-ді жауапты қолдану және педагогикалық шешімді жобалау

4.1. Академиялық адалдық және білім алушылардың ЖИ қолдану ережелері

4.2. Цифрлық этика, дербес деректерді қорғау және қауіпсіздік

4.3. Тәуекелдер, шектеулер және ЖИ нәтижелерінің дұрыстығын тексеру

Модуль білім беру процесінде жасанды интеллектті жауапты қолдану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Этика, құқықтық және әдістемелік тәуекелдер, авторлық құқық, құпиялылық, ашықтық, алгоритмдік бейтараптық және ақпараттың дұрыстығы мәселелері қарастырылады.

Модуль 5. Білім берудегі ЖИ және цифрлық маркетинг

5.1. Педагогтің бренд-маркетингі және цифрлық имиджі: білім беру саласындағы жеке бренд стратегиясы

5.2. SMM – педагогтің кәсіби құралы ретінде

5.3. ЖИ қолдана отырып қорытынды педагогикалық жобаны жобалау және қорғау

Модуль педагогтің бренд-маркетингі мен цифрлық имиджін дамытуға бағытталған. Білім берудегі жеке бренд стратегиясы, білім беру өнімдерін ілгерілету және монетизациялау жүйесі, сондай-ақ SMM педагогтің кәсіби құралы ретінде қарастырылады. Модульдің нәтижесінде авторлық педагогикалық өнім немесе кәсіби қызметте ЖИ қолдану сценарийі әзірленіп, қорғалады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының педагогтеріне, сондай-ақ әдіскерлерге, педагог-психологтарға, кураторларға, білім беру

бағдарламаларының жетекшілеріне және кәсіби қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолдануға қызығушылық танытатын мамандарға арналған.

Оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Оқыту формасы – офлайн, онлайн немесе қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып аралас формат.

Оқу процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады және дәрістік, семинарлық, тренингтік және практикалық сабақтарды, өзіндік жұмысты, кейстерді орындауды, цифрлық материалдарды әзірлеуді, жобалық қызметті және қорытынды қорғауды қамтиды.

Оқу барысында келесі әдістер қолданылады: интерактивті дәрістер; ЖИ құралдарымен практикалық сабақтар; педагогикалық кейстерді талдау; топтық және жеке жұмыс; жобалық жұмыс; миға шабуыл; промпттар әзірлеу; сараптамалық кері байланыс; қорытынды жобаны қорғау.

Тыңдаушыларға теориялық материалдар, тәжірибеден алынған мысалдар және жеке әрі топтық практикалық жұмыстарды орындау арқылы оқу процесі қамтамасыз етіледі.

Білімді бақылау практикалық тапсырмаларды орындау, оқу материалдарын әзірлеу, жеке жобаны дайындау және қорытынды тестілеу арқылы жүзеге асырылады.

Оқыту курсын сәтті аяқтаған тыңдаушыларға белгіленген үлгідегі сертификат беріледі. Бағдарламаны меңгеру мерзімі білім беру ұйымы мен тыңдаушы арасындағы білім беру шартымен айқындалады.

Оқу-тақырыптық жоспар

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

№	Сабақ тақырыптары	Дәріс	Семинар	Тренинг	Практикалық жұмыс	Жобаны қорғау	Қорытынды тестілеу	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
МОДУЛЬ 1: ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ (10 сағат)								
1.1	Білім берудің цифрлық трансформациясы және жасанды интеллекттің рөлі	1	1	-	-	-	-	2
1.2	ЖИ-дің негізгі ұғымдары: алгоритмдер, деректер, генеративті модельдер, ЖИ-ассистенттер	1	1	-	-	-	-	2
1.3	Педагогикалық қызметтегі ЖИ мүмкіндіктері мен шектеулері	1	1	1	-	-	-	3

1.4	Оқытуда ЖИ қолданудың педагогикалық сценарийлері	1	1	1	1	-	-	3
-----	--	---	---	---	---	---	---	---

МОДУЛЬ 2: ГЕНЕРАТИВТІ ЖИ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ КОНТЕНТІН ӘЗІРЛЕУ (20 САҒАТ)

2.1	Педагогикалық міндеттер үшін промпт-инжиниринг	1	1	2	2	-	-	6
2.2	ЖИ көмегімен сабақ жоспарларын, тапсырмаларды, тесттерді және бағалау критерийлерін әзірлеу	1	1	2	2	-	-	6
2.3	Презентациялар, конспектiлер, нұсқаулықтар, кейстер және әдістемелік материалдар жасау	1	-	1	2	-	-	4
2.4	Білім беру процесі үшін визуалды, аудио және бейне контентті генерациялау	1	-	1	2	-	-	4

МОДУЛЬ 3: ОҚЫТУДЫ ДАРАЛАНДЫРУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ АНАЛИТИКА ҮШІН ЖИ (20 САҒАТ)

3.1	ЖИ көмегімен оқытуды жекелендіру және бейімдеу	2	2	-	2	-	-	6
3.2	Қалыптастырушы және жиынтық бағалауда ЖИ қолдану	1	1	2	2	-	-	6
3.3	Білім беру деректерінің аналитикасы және оқу қиындықтарын анықтау	1	1	1	2	-	-	5
3.4	Кері байланыс және жеке білім беру траекториялары	1	-	1	1	-	-	3

МОДУЛЬ 4: ЖИ-ДІ ЖАУАПТЫ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕШІМДІ ЖОБАЛАУ (10 САҒАТ)

4.1	Академиялық адалдық және білім алушылардың ЖИ қолдану ережелері	1	1	-	-	-	-	2
4.2	Цифрлық этика, дербес деректерді қорғау және қауіпсіздік	1	1	1	-	-	-	3
4.3	Тәуекелдер, шектеулер және ЖИ нәтижелерінің дұрыстығын тексеру	1	1	1	1	-	-	5

МОДУЛЬ 5: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖИ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ МАРКЕТИНГ (20 САҒАТ)

5.1	Педагогтің бренд-маркетингі және цифрлық имиджі: білім берудегі жеке бренд стратегиясы	1	1	2	2			6
5.2	SMM – педагогтің кәсіби құралы ретінде	1	1	3	3			8
5.3	ЖИ қолдана отырып қорытынды педагогикалық жобаны жобалау және қорғау	-	-	-	2	2	2	6

	Барлығы	18	15	19	24	2	2	80
--	----------------	-----------	-----------	-----------	-----------	----------	----------	-----------

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі оқытудың мақсаттарына, міндеттеріне, күтілетін нәтижелеріне және мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыру оқу-тақырыптық жоспар, презентациялық материалдар, нормативтік-құқықтық құжаттар, практикалық кейстер, ЖИ құралдарымен жұмыс істеу бойынша нұсқаулықтар, промпт үлгілері, өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар және қорытынды жобаны бағалау критерийлері арқылы қамтамасыз етіледі. Оқу барысында электрондық білім беру ресурстары, цифрлық платформалар, Қазақстан Республикасының жасанды интеллект саласындағы нормативтік және әдістемелік құжаттары, сондай-ақ халықаралық зерттеулер мен тәжірибелердің материалдары қолданылады.

Тыңдаушыларға мынадай материалдар ұсынылады: электрондық оқу материалдары; ЖИ құралдарын пайдалану бойынша нұсқаулықтар; педагогикалық міндеттерге арналған промпт үлгілері; ЖИ арқылы жасалған контент сапасын бағалау чек-парақтары; оқу тапсырмалары мен бағалау критерийлерінің үлгілері; жеке білім беру траекторияларының шаблондары; академиялық адалдық және цифрлық этика бойынша ұсынымдар; қорытынды жобаға қойылатын талаптар.

Әдістемелік сүйемелдеу курсты оқытушы-педагогтар тарапынан консультациялар беру, орындалған тапсырмалар бойынша кері байланыс ұсыну, практикалық жұмыстарды сараптамалық бағалау және қорытынды жобаны сүйемелдеу арқылы жүзеге асырылады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету педагогтердің кәсіби қызметінде жасанды интеллектті қолданудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ сыни ойлау қабілетін, цифрлық мәдениетті және ЖИ қолдану кезіндегі жауапкершілікті дамытуға бағытталған.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқу нәтижелерін бағалау ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау шеңберінде жүзеге асырылады және педагогтің кәсіби қызметінде жасанды интеллектті қолдану саласындағы кәсіби құзыреттердің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған.

Максималды балл – 100.

Аралық бақылау – 60 балл

Аралық бақылау модульдерді меңгеру барысында жүргізіледі және

мыналарды қамтиды: промпттар әзірлеу бойынша практикалық тапсырмаларды орындау; ЖИ қолдана отырып оқу материалдарын жасау; тапсырмалар, тесттер және бағалау критерийлерін әзірлеу; ЖИ нәтижелерін талдау; оқу процесінде ЖИ-ді жауапты қолдану ережелерін дайындау; цифрлық этика және академиялық адалдық бойынша кейстерді орындау.

Қорытынды бақылау – 40 балл

Қорытынды бақылау жобалық жұмысты қорғау түрінде жүзеге асырылады. Тыңдаушы қорытынды жобаның келесі бағыттарының бірін таңдай алады:

1. ЖИ технологияларын қолдана отырып оқу сабағын әзірлеу;
2. ЖИ көмегімен оқу-әдістемелік материалдар кешенін жасау;
3. ЖИ қолдана отырып білім алушының жеке білім беру траекториясын жобалау;
4. ЖИ пайдалану арқылы қалыптастырушы бағалау және кері байланыс жүйесін әзірлеу;
5. Білім алушылар мен педагогтер үшін ЖИ-ді жауапты қолдану ережелерін әзірлеу;
6. Генеративті ЖИ қолдана отырып цифрлық білім беру ресурсын жасау.

Қорытынды жобаны бағалау критерийлері. «Сәтті өтті» бағасы тыңдаушының жобасы келесі критерийлерге сәйкес келген жағдайда қойылады: педагогикалық негізділігі; оқыту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі; әдістемелік тұтастығы; ЖИ құралдарын дұрыс қолдануы; практикалық маңыздылығы; цифрлық этика және академиялық адалдық талаптарының сақталуы; әзірленген материалдардың сапасы; білім беру тәжірибесіне енгізу мүмкіндігі; жобаны дәлелді түрде қорғауы.

«Сәтсіз өтті» бағасы мына жағдайларда қойылады: жоба Бағдарлама тақырыбына сәйкес келмейді; ЖИ қолданудың педагогикалық мақсаты жоқ; материалдар формалды түрде орындалған және практикалық маңызға ие емес; ЖИ құралдарын қолдануда елеулі қателер жіберілген; цифрлық этика және дербес деректерді қорғау талаптары сақталмаған; тыңдаушы жобаны ұсына және негіздей алмады.

Модуль меңгерілген болып есептеледі, егер 100 мүмкін балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу тыңдаушыларға кәсіби қызметінде жасанды интеллект технологияларын енгізу процесінде қолдау көрсетуге бағытталған. Сүйемелдеу аясында әзірленген жобаларды енгізу бойынша онлайн-консультациялар, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету, ЖИ құралдарын қолдану бойынша сараптамалық кері байланыс беру, вебинарлар мен дөнгелек үстелдер өткізу, табысты тәжірибелермен алмасу, курс түлектерінің кәсіби желілік қауымдастығын құру, сондай-ақ үздік қорытынды жобаларды білім беру ұйымының ақпараттық ресурстарында жариялау көзделеді.

Курстан кейінгі сүйемелдеу білім беру тәжірибесіне ЖИ технологияларын

тұрақты енгізуге, оқу процесінің сапасын арттыруға және педагогтердің кәсіби дамуын жалғастыруға ықпал етеді.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді 2023–2029 жылдарға дейін дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>

2. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500035670#z10>

3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

4. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_

5. Білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған кәсіби стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25HP000031>

6. «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2500000230>

7. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V.

8. «Информатизация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V.

9. UNESCO. Guidance for generative AI in education and research. Paris: UNESCO, 2023. <https://www.unesco.org/en/articles/guidance-generative-ai-education-and-research>

10. OECD. Digital Education Outlook 2021: Pushing the Frontiers with Artificial Intelligence, Blockchain and Robots. OECD Publishing.

https://www.oecd.org/en/publications/oecd-digital-education-outlook-2021_589b283f-en.html

PDF:

https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2021/06/oecd-digital-education-outlook-2021_0f1487d9/589b283f-en.pdf

11. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. Boston: Center for Curriculum Redesign.

PDF/preview: <https://curriculumredesign.org/wp-content/uploads/AIED-Book->

[Excerpt-CCR.pdf](#)

ResearchGate:

https://www.researchgate.net/publication/332180327_Artificial_Intelligence_in_Education_Promise_and_Implications_for_Teaching_and_Learning

12. Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. UCL IOE Press.

PDF:

<https://discovery.ucl.ac.uk/10178695/1/Machine%20Learning%20and%20Human%20Intelligence.pdf>

ERIC: <https://eric.ed.gov/?id=ED584840>

13. Selwyn N. Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education. Polity Press.

<https://www.wiley.com/en-us/Should+Robots+Replace+Teachers%3F%3A+AI+and+the+Future+of+Education-p-9781509528988>

Қосымша әдебиеттер:

1. Google AI Essentials.

<https://www.skills.google/paths/2336>

Coursera: <https://www.coursera.org/specializations/ai-essentials-google>

2. Microsoft Learn. AI for Education.

<https://learn.microsoft.com/en-us/training/paths/ai-education/>

<https://learn.microsoft.com/en-us/training/educator-center/topics/ai-for-education>

3. OpenAI. Teaching with AI.

<https://openai.com/index/teaching-with-ai/>

4. UNESCO. AI competency framework for teachers.

<https://www.unesco.org/en/articles/ai-competency-framework-teachers>

PDF/UNESDOC: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000391104>

5. European Commission. Ethical guidelines on the use of artificial intelligence and data in teaching and learning for educators.

<https://op.europa.eu/en/publication-detail/-/publication/d81a0d54-5348-11ed-92ed-01aa75ed71a1/language-en>

<https://education.ec.europa.eu/node/2285>

6. Khan Academy. AI for Education.

<https://www.khanacademy.org/college-careers-more/ai-for-education>

Khanmigo for teachers: <https://www.khanmigo.ai/teachers>

7. Common Sense Education. AI Literacy and Digital Citizenship Resources.

<https://www.commonsensemedia.org/what-we-stand-for/digital-literacy-and-citizenship>

8. ISTE. Artificial Intelligence in Education Resources.

<https://iste.org/>

ISTE+ASCD: <https://iste-ascd.org/>

9. Coursera. Generative AI for Educators.

<https://www.coursera.org/specializations/generative-ai-educators>

10. Edutopia. Artificial Intelligence / ChatGPT & Generative AI.

<https://www.edutopia.org/topic/chatgpt-generative-ai/>

Example article: <https://www.edutopia.org/article/7-ai-tools-that-help-teachers-work-more-efficiently/>